

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 қарашадағы № 962 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2023 жылғы 21 тамызда Ханойда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса
тіркелген халықаралық Келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық
Келісімінің жасасқан тілдердегі ресми
куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық
Келісімдерін тіркеуге, есептеуге және
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер
министрлігінен алуға болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 2 қарашадағы
№ 962 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" және жеке-жеке "Тарап" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу ниетін білдіре отырып,

2009 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы екі мемлекет азаматтарының өзара сапарлары туралы келісімді назарға ала отырып,

Тараптар мемлекеттері аумағына өз мемлекеттері азаматтарының келуін жеңілдету мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары, қолданылу мерзімі кемінде 6 (алты) ай болуға тиіс жарамды ұлттық паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу, кету, транзитпен өту, уақытша болу үшін келген күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннің әр кезеңі ішінде жиынтығы күнтізбелік 90 (тоқсан) күн болатындай күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын кезеңге визалық талаптардан босатылады.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған адамдар екінші Тарап мемлекетінің аумағында 30 күннен артық болуға ниет білдірсе, осы Тарап мемлекетінің заңнамалары мен қағидаларына сәйкес талап етілетін тиісті виза алуға тиіс.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында аталған адамдар халықаралық жолаушылар қатынасына арналған екінші Тарап мемлекетінің өткізу пункттері арқылы ғана екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы кіре алады, кете алады немесе транзитпен өте алады және осы Тарап мемлекетінің кіруге, кетуге және транзитпен өтуге қатысты заңнамалары мен қағидаларын сақтауға тиіс.

3-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген адамдар екінші Тарап мемлекетінің заңнамалары мен қағидаларын олардың аталған Тарап аумағында болған кезеңінде сақтауға міндетті.

4-бап

Әрбір Тарап өзінің заңнамалары мен қағидаларына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің азаматтарына кіруден бас тарту немесе олардың өз мемлекетінің аумағында болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

5-бап

Тараптардың құзыретті органдары мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде шетелдіктердің келуіне, кетуіне және уақытша болуына қатысты олардың заңнамалары мен қағидаларына өзгерістер туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін хабардар етуге тиіс.

6-бап

Осы Келісімнің 1-бабында аталған адамдар екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезде жарамды ұлттық паспорттары жоғалған немесе бүлінген жағдайда, олар азаматтары болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген жаңа жарамды жол жүру құжаттарының негізінде осы мемлекеттің аумағынан кете алады.

Тиісті адамдар қабылдаушы Тарап мемлекетінің заңнамаларына сәйкес кетуге қажетті рәсімдерден өтуге тиіс.

7-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген екінші Тарап мемлекетінің аумағынан шыға алмайтын адамдар еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты олар келген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қабылдаушы Тарап мемлекетінің заңнамалары мен қағидаларына сәйкес өздерінің болуын ұзартуға міндетті.

8-бап

1. Тараптар осы Келісімнің 6-бабында көрсетілген жарамды ұлттық паспорттардың және жол жүру құжаттарының үлгілерімен осы Келісімге қол қойған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

2. Жаңа ұлттық паспорттар мен жол жүру құжаттары енгізілген немесе қолданыстағы құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін дереу хабардар етеді және осындай паспорттар мен жол жүру құжаттарының үлгілерін, сондай-ақ олардың қолданылуына қатысты ақпаратты олар ресми енгізілгенге немесе өзгертілгенге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы жібереді.

9-бап

1. Әрбір Тарап ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе халық денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету ниетімен осы Келісімнің қолданылуын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар ету жолымен уақытша, ішінара немесе толық тоқтата тұруға құқылы. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданылуы осындай хабарлама алынған күннен бастап 48 (қырық сегіз) сағат өткеннен кейін немесе аса қажет болған жағдайда мүмкіндігінше тезірек тоқтатыла тұрады. Тараптар осы Келісімнің қолданылуының уақытша, толық немесе ішінара қалпына келтіру күнін дипломатиялық арналар арқылы келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұруды іске асыратын Тарап мемлекетінің аумағында

орналасқан, осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген адамдардың құқықтарын қозғамайды.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер немесе даулар Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

12-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен соң күшіне енеді.

2. Әрбір Тарап екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар ете отырып, осы Келісімді бұза алады. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы екінші Тараптан осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кейін тоқтатылады.

20__ жылғы " _ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, вьетнам және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіндері арасында алшақтық туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Вьетнам Социалистік
Республикасының Үкіметі үшін*